

УДҚ 93/94

ҰЛЫ ДАЛА АСТАНАЛАРЫ

Захман Камшат

bolat2008_65@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Еуразиялық зерттеулер кафедрасы,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Шыныбеков

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мәні аса зор еңбегінің жас ұрпаққа берер үлгі-өнегесі өлшеусіз. Рухани жаңғыруға серпін беретін көшелі ғылым – тарих ғылымы. Себебі, қазақтың қазақ екенін, басқаларға қай тұрғыдан алыс-жақынын айшықтайтын ұлттық код болмысын түсіндіретін де тарих ғылымы.

Біз ел астанасын қастерлеудің тамаша үлгісін Күлтегін тасындағы Өтікенге арналған жазудан, Асан Қайғының Жерұйықты іздеуінен көре аламыз. Байырғы түркілер де, олардың заңды мұрагері қазақтар да мемлекеттің астанасын елдік тірегі, үйлесім мен бірліктің ұйытқысы, ақыл-ой мен күш-қайраттың қайнар бұлағы ретінде қабылдады. Үш ғасырға жуық созылған отарлау, тоталитарлық модернизация мен зорлық Елордаға қатысты қастерлі ұғым-түсініктердің, жөн-жоралғының, салт-сананың сайын даламыздағы құндылықтарын аяусыз шайқалтқанымен, түбегейлі жойып жібере алмады. Олар мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланған сәттен бұрқ етіп сыртқа шықты. Елордасын бас-аяғы 10 жыл ішінде бұрын-соңды қол жетпеген биікке көтере алған халық, оған барша әлемнің назарын аударта білді,

жатқа телмірген жадағай қаланы ару шаһарға айналдырды. мәңгі ел ұстайтын мәңгі халық екенін бүгінде қапысыз дәлелдеді. Сондықтан әрбір жас ұрпақтың Ұлы дала елінің астаналарын танып, білуі елдік сананы жаңғыртатыны сөзсіз.

Б.з.б I мың жылдықта көшпенді өмір салтының өзгеруіне байланысты Қазақстан жерінде ежелгі тайпалық бірлестіктер пайда бола бастады. Солардың бірі ежелгі парсы деректерінде сақтар деп аталды. Сақтарды негізгі үш топқа бөліп қарастырылады. Сақ-хаумаварға – Ферғана жерін мекендесе, сақ-тиграхауда – Сырдарияның орта аймағы және Жетісу жерін, сақ-парадарайандар – еуропалық скифтер немесе Арал теңізі және Сырдарияның арғы бетіне қоныс тепкен. Бірлестіктің астанасы – Шірік-Рабат қаласы. Шірік-Рабат кешені Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырым, Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев ауылынан оңтүстікке қарай 100 шақырымдай жерде, Жаңадарияның ескі арнасының сол қапталында орналасқан. Шірік-Рабат кешенінің құрылымы ерекше болып келген. Алып храм іспеттес жерлеу орындарын айналдыра қоршалған қамал-қабырғалары уақыт өте келе жаңғырта кеңейтіліп отырған. Зерттеушілер қамал-қабырғалардың сырты айнала су толтырылған орлармен қоршалғандығын және Шірік-Рабат кешенінің б.д.д. VII-II ғ.ғ. масагеттердің (Ұлы сақ ордасы) апасиак тайпасының астанасы болғандығын алға тартады.

«Байтақ» – «пойтэхт» парсы тілінен аударғанда «астана», «тақ табалдырығы» деген мағынаны білдіреді екен. Қазақтың арғы-бергі тарихында байтақ болған қалалар легі өз алдына керуен секілді. Б.д.д. III ғасырдан бастап Қазақстан жеріндегі мемлекеттердің саяси орталығы болған қалаларды атап өтпеуге болмайды. Мәселен, үйсіндердің астанасы Чигучинь немесе Қызыл аңғар қаласы. Оның орны қазіргі Алматы облысының Кеген ауданына қарасты Саты деген ауылдың маңында. Көне Қаңлы мемлекетінің астанасы Битянь қаласы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Аққорған ауданына қарасты «Корик» бұрынғы «Ленинизм» совхозының Ангрэн өзенінің Сырдарияға құйар тұсында орналасқан. Б.з.д. III ғасырда Қаңлы мемлекетінің бірінші астанасы болған. Ташкенттен 70 шақырым жерде, 160 гектар жерді алып жатыр. Жалпы қаланың айналасын қосып есептегенде аумағы 500 гектар екендігі анықталды.

Батыс Түрік қағанатының және одан кейінгі Түргеш мемлекетінің орталығы Шу бойындағы Суяб қаласы болды. Қарлұқ мемлекеті – Қойлықты, Қарахан елі – Баласағұнды астана етті. Орта ғасырларда Отырар, Испиджаб (Сайрам) әкімшілік, сауда-саттықтың ірі орталықтары болды. IX-XI ғасырда Сырдың төменгі бойында Оғыз мемлекетінің астанасы Янгикент қаласы еді. Бір кездері гүлденген шаһар – Янгикенттің жылан ордасына айналып кетуіне байланысты аңыздар көп. IX ғасырда Қимақ мемлекетінің астанасы Ертіс бойындағы Имек қаласы болған. XI-XIII ғасырда Дешті-Қыпшақ даласының гаваны аталған Сығанақ шаһары бірнеше мемлекетке астана болды. Тарихшы Берекет Кәрібаевтің айтуынша, аса ірі саяси-әкімшілік орталық саналған Сығанақ қаласы – Қыпшақ мемлекетінің, Ақ Орда ұлысының, Әбілқайыр мемлекеті (Көшпелі өзбектер мемлекеті) және Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған. Көшпелі өзбектер мемлекетін билеген Әбілқайыр хан осы Сығанақ түбіндегі Көк кесене деген жерге жерленген. Алтын Орда заманында Сарайшықтың дәурені өтті. Онда қазақтың әйгілі ханы – Қасым хан жерленген. Қазақ ордасының астанасы қазақтың 200-дей хан-сұлтаны, батыр-билері, жақсы-жайсаңдары жерленген қасиетті Түркістан ұзақ жылдар саяси-рухани байтақ қала болды. Әзірет сұлтан Қожа Ахмет Яссауи жатқан Түркістан кесенесі аман болса, қазақты жау алмайды. Ер түріктің бесігі болған қасиетті Түркістан – қазақтың мәңгілік рухани астанасы болып қала бермек. Қазақтың ежелгі астаналары Ұлы Жібек жолының бойына және өзен-суы мол өңірлерге қоныс тепкен. Ресей империясының Қазақ жерін жаулап алуына байланысты біртұтас орталық болған жоқ. 1917 жылы Алашорда үкіметі құрылып, саяси-әкімшілік орталық ретінде «Алаш» қаласы аталған

Семейді таңдаған. Алайда бұл қағаз жүзінде бекітілгенімен, аумалы-төкпелі заманда Алаш астанасы – Алаш арманы жүзеге аспады.

Қазақстан астаналарының тарихы өте бай. Үш мемлекеттің: Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағандықтарының астанасы Суяб қаласының іргесі V ғасырда қаланды. Орталық Азиядағы аса ірі қалалардың бірі Баласағұн (Ақтөбе) – Батыс Түрік қағандығының, Қарахан және Қаракидан мемлекетінің бас қаласы болды. Жазба деректерде «Бірінші қала» атанған даңқты Испиджаб (Сайрам) VII ғасырдан белгілі. Күлтегін, Білге қаған тас ескерткішінде Тарбанд деген атпен жазылған Отырарды (Фараб) араб ғалымы әл-Мақдиси (X ғасыр) өте көне астана деп атайды. IX – XI ғасырларда Сыр өңіріндегі Жанкент (Янгикент) Оғыздар мемлекетінің, ал Ертіс бойындағы Имакия қаласы Қимақ мемлекетінің өркендеген астанасы болды. Дешті Қыпшақтың астаналары Орда Базар мен Женд, Ақ Орданың бас қалалары Сауран мен Сығанақ (Сунақата) әлденеше қиратылып, қайта жанданды [1, 124 б].

Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласының тарихи орны ерекше. Түркістан Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Семеке (Тәукеұлы), Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хан тұсында қазақтардың айбынды астанасы болды. Шаһар жалпы түркілік мәнге ие болды. Қожа Ахмет Иасауидің есімі мен кесенесі оны Орталық Азияның діни астанасы – екінші Мекке мәртебесіне жеткізді.

X ғасырда әл-Фараби астананы «қайырымды қала» деп атады. Ол «Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен жоғары дәрежелі дамыған қоғамның қайырымды қаласы – астанасы жетеді» деп санады. Әл-Фараби қайырымды қаланы мін-ақауы аз, тұрғындары заңға ден қойған, адамдарының пендешіліктерінен гөрі рухани сипаты басым, әділеттілік пен парасаттылық жайлаған бейбіт қала етіп суреттейді [1, 253 б].

Қазақ хандығы жойылғаннан кейін бар билік Ресейдің Санкт-Петербург пен Мәскеу қалаларына ауды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары астананы «кіндік қала» деп атады. 1917 – 19 ж. Алашорда автономиясының астанасы Алаш (Семейдің іргесіндегі) қаласы болды. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан астаналары Орынбор (1920 – 25), Қызылорда (1925 – 29), Алматы (1929 – 97) болды. 1994 ж. соңғы екі ғасыр тарихында қазақ халқы тұңғыш рет өз мемлекетінің астанасы туралы дербес шешім қабылдады.

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үкімімен ел астанасы Алматыдан Астанаға ауыстырылды. Қаланың пайда болу тарихына үңіле отырып Астана географиялық орналасуы тұрғысынан тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарыарқаның төріндегі стратегиялық шаһар болып табылады. Мұндағы археологиялық қазба жұмыстарынан сонау қола дәуірінен бастап бабалардың мекен еткен шаһарларының салтанат құрғанын бүгінгі таңда ғалымдар дәлелдеп отыр. Мұндағы ең көрнекті тарихи нысандардың бірі Орта ғасырлардан бастап (VII-VIII ғғ) Қазақ хандығы дәуіріне дейінгі (XV-XVI ғғ) аралықта сайын даланың төрінде салтанат құрған Бозақ қаласының ежелгі орны [31, 64 б].

1997 жыл 8 қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңсесі Ақмолаға көшіріліп, бірден жұмысқа кірісті. 10 желтоқсанда ҚР Парламентінің депутаттары көшіп келді. Сол жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақмолаға ресми түрде аттанды. 1998 жылы 6 мамыр күні Президент Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана қаласы болып өзгертілді. Ал қаланың Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі ресми тұсау кесері 1998 жылы 10 маусымда болып өтті [31, 496].

Қазіргі күнде Қазақстан Республикасының саяси орталығы – Астана қаласы тәуелсіз Жаңа Қазақстанның болашаққа қарай ұмтылысының, қарқындап дамуының символы ретінде қызмет етіп отыр. Астана – Еуразияның қақ ортасында орналасып, бүкіл әлем таныған, халықаралық жиындар жиі өтетін ірі орталыққа айналды. Аз ғана жылдың ішінде Астана қаласы Қазақ Елінің саяси-әкімшілік, мәдени-рухани, білім мен ғылым, қаржы-экономикалық, іскерлік орталығы ретінде қалыптасып болды. Қала халқы 290 мыңнан бірнеше есе өсіп, 2015 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша 853 мыңнан асты.

Астана – өте жас қала. Қаланың Елорда мәртебесін иеленгеннен бергі жылнамасы адамзат тарихы үшін қас-қағым сәтпен пара-пар екендігі даусыз. Алайда, бұл қаланың шежіресі тарих тереңінен тамыр тартады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында Қазақстанның қазіргі астанасы бабалардың бағзы мекенінде қоныс тепкендігін атап өтеді. Астананың авторы, әрі бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл тұжырымын қуаттайтын ғылыми негіз де бар. Археологтар қазіргі Астананың оңтүстік-шығыс беткейінен орта ғасырдағы Бозоқ қаласының орнын тапты. Ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, осыдан он екі ғасыр бұрын іргесі қаланған ежелгі қалашық ғасырлар бойы салқар Сарыарқаның саяси және рухани орталығы қызметін атқарған.

Келешегі – кемел, ертеңі – нұрлы Қазақстан мемлекетінің әлемдік аренадағы абыройы да, ары, беделі де, бағы – Астана. Астана – Еуразия жүрегі. Кәрі құрлықтың тамырына қан жүгірткен жүрегі мәңгілік соғуын тоқтатпаса екен! Ұлтымыздың ұясы, Қазақстан секілді қыран елдің тұғыры болған Астана мәртебесі жоғарылаған сайын Тәуелсіздігіміз мәңгі жасайтыны хақ.

Астана – ғасырдың ғаламаты, Әлемнің сегізінші кереметі! Авторы – Алла алқап, Алашы қолдаған Елбасы!

Қорыта айтқанда, Ұлы даланың астаналары, елдік ескерткіштері мен мемлекетіміздің мәдени мұрасын көрсетіп тұрған бұл тарихи нысандардың болашақ ұрпақ үшін танымдық, тағылымдық сипаты мол. Ұлы Дала астаналары деп аталған тақырыптың өзінде Ұлы Даланың астаналары болуы үшін дала мен жердің, сол жерді мекен еткен халықтың ұлылығын, даналығын, жаужүректілігін ескеріп өттік. Сақ жауынгерінің садағы тиген жерден, баласы шетелді мойындатқан, бәсекеге қабілетті ұрпаққа дейінгі Ұлы Дала. Соғысты, ашаршылықты, бодандықты көріп, тәуелсіздік таңына жеткен Ұлы Дала. Жазықсыз жазалауға ұшырап, заманның әділетсіздігін көріп, қуғын-сүргін құрбаны бола тұра, кемел болашағын құра білген Ұлы Даланың халқы да ұлы.

Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңінен тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. «Қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарлардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата-жұртта сақтап қалған халық», – деп сонау 1992 жылдың өзінде, тәуелсіздіктің таңсәрі шағында, Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайында айтқан Елбасымыз осы жылдардың өн бойында тарихқа құрметпен қараудың, өткенімізден өнеге алудың үйренерлік үлгісін көрсетумен келеді.

Осынша жылдар бойы халыққа қызмет еткен, әр кезеңде өзіндік миссиясы болған, Ұлы Дала астаналарының заманауи жалғасы, бүгінде тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразия құрлығының мәдени һәм рухани орталығына айналып отырған Астана - еліміздің жүрегі.

Өзге елдердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да, орталықтарын қазақ мемлекеті секілді бірнеше рет алмастырмаған. Қазақстан бодан болған 70 жылдың ішінде астанасын төрт рет ауыстырыпты. Себебін жоғарыда атап өттік. Дегенмен, егемендігіміздің символына айналып, әлемге қазақты жаңа қырымен танытқан бүгінгі Астана нағыз тұрақтылықтың белгісіне айналатынына сенімдіміз.

Біреуге жалған болған, біреуге арман болған Астана бүгінгі таңда халықаралық қауымдастық таныған, мойындаған қалаға айналды. Елбасымыздың асқақ мақсаты орындалды. Астанамыз жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендеп, барша қазақстандықтардың бас ордасы болды. Сондықтан да біз бүгін Қазақстанның дамуына серпін берген жаңа елордамыздың авторына ризашылық сезіммен «Астана – Елбасының ерлігі» деп айтамыз. Ел үшін де, Елбасы үшін де, Елорда үшін де марқайып жүретін болдық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық., 1-том., -Алматы: Атамұра, 2010ж. - 427 бет.
2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005ж. - 626 бет.
3. Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 ж. — 712 бет .
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна.” ЖШС, 2005 ж.
5. Бахаддин Ө. Ұлы Хүн империясының тарихы. 2 кітап. - Алматы, 1998. –180 бет.
6. Байпақов К.М., О древних городах Суяб и Баласагун //Вестник АН Каз.ССР, 1976, №1. 5 бет.
7. Қазақстан»:Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ө. Нысанбаев. I том. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -814 бет.
8. Сұлтанов Т. "Қазақ хандығының тарихы. -Алматы: Ғылым, 2003 жыл.-327 бет.
9. .Байпақов К., .Нұржанов А.. Ұлы Жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан. -- Алматы: Ғылым 1992 жыл. -213 бет.
10. Батырбеков А.Сығанақ-қазақ хандығының астанасы //Көз газеті., 23-24(233-234) 2017 жыл, 20 желтоқсан
11. Назарбаев Н.Ә. Евразия жүрегінде. -Астана: Жібек жолы, 2010 жыл. -181 бет
12. Қабылдинов. З. Астана: өткені және бүгіні. –Астана: Фолиант 2017 жыл . 315 бет.
13. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламалық мақала//Егемен Қазақстан. 2017 жыл, 12 сәуір
14. Сүлейменова Д.Д Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі. Алматы: Арыс. 2007, 125 бет.